

МЕКТЕП ДИРЕКТОРЛАРЫНА

Т.Рысқұлов ауданының білім бөлімі Сізге, Облыс әкімінің орынбасары С.Сәлемовтың төрағалығымен өткен жедел кеңес отырысының 2025 жылғы 12 қыркүйектегі №13 хаттамасының 2.10) тармағын орындау мақсатында 2025 жылдың 22 қыркүйегі мен 22 қазаны аралығында аудан бойынша «Отбасы» акциясы өткізілетіндігін хабарлайды.

Акцияның мақсаты: «Қатер» тобындағы отбасыларында және өгей ата-аналардың тәрбиесіндегі балалардың құқықтарын қорғау, балаларға қатысты зорлық-зомбылық пен қатігездіктің алдын алу.

Осыған байланысты, «Отбасы» акциясы ұйымдастырылып, өткізілуі бойынша ақпаратты фотоесептерімен бірге 2025 жылдың 23 қазанына дейін жолдауларыңызды сұраймыз.

Қосымша: 2 парақта

Т.Рысқұлов ауданының
білім бөлімінің басшысы



М.Сванов



«БЕКТЕМІН»

Т. Рысқұлов ауданының
білім бөлімінің басшысы

М. Сванов

« 2025 ж. қазан»

Т. Рысқұлов ауданында «Отбасы» акциясын ұйымдастырып өткізудің іс-шаралар жоспары
(22 қыркүйек – 22 қазан 2025 жыл)

№ р/с	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Орындалу мерзімі	Жауапты орындаушылар
1	«Қатер» тобындағы отбасыларында және өгей ата-аналардың тәрбиесіндегі балалардың тізімдерін жасақтау	тізім	22-26 қыркүйек	Білім бөлімдері мен білім мекемелерінің басшылары
2	Туу туралы куәліктері жоқ кәмелетке толмағандарды анықтап, оларды құжаттандыруды ұйымдастыру.	Балаларды құжаттандыру	22 қыркүйек – 22 қазан	Білім бөлімдері мен білім мекемелерінің басшылары
3	«Қатер» тобындағы отбасыларындағы балалардың ата-аналарға бауыр басу деңгейін мониторингілеу.	Мониторинг	22 қыркүйек – 22 қазан	Білім мекемелерінің басшылары
4	«Қатер» тобындағы отбасыларындағы балалардың әлеуметтік бейімделу жағдайын мониторингілеу.	Мониторинг	22-30 қыркүйек	Білім мекемелерінің басшылары
5	«Балалық шақ – мейірімділік мекені» («Детство – территория добра») тақырыбында флеш-мобтарды, дебаттық турнирлерді, пікірталас аландарды, тақырыптық көрмелерді, фото-конкурстарды, үздік эссе конкурстардың, тақырыптық семинарларды, сынып сағаттарын ұйымдастырып өткізу.	Ақпарат	22 қыркүйек – 22 қазан	Білім бөлімдері мен білім мекемелерінің басшылары

6	<p>«Балалық шақ – мейірімділік мекені» («Детство – территория добра») тақырыбында ата-аналар және балаларға арналған құқықтық жаппай оқығуды ұйымдастыру, балалар мен ата-аналармен ата-аналар жиналыстарын, консультациялық, психокоррекциялық жұмыстарды, ата-аналарға арналған семинар-тренингтер өткізу;</p>	Ақпарат	22 қыркүйек – 22 қазан	Білім мекемелерінің басшылары
7	<p>Әлеуметтік қауіпті жағдайдағы балаларды және отбасыларды анықтау мақсатында кең ауқымды ведомстваралық рейдтерді өткізу, республикалық «111», «109» қызметі, «Комек Stop Bullying» ақпараттық жүйесі арқылы өмірдің қиын жағдайына тап болған балалар мен отбасыларға арналған «қызу желі» қызметін ұйымдастыру, анонимдік кеңес беруді ұйымдастыру.</p>	Ақпарат	22 қыркүйек – 22 қазан	Білім мекемелерінің басшылары